

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 маусымдағы N 142_I Заңы.

1996 жылғы 26 тамызда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы
арасындағы азаматтық және қылмыстық істер
жөніндегі өзара құқықтық көмек туралы
Шарт**

(КР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 6, 95-құжат)

(1998 жылғы 18 желтоқсанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 71 бет)

Бұдан әрі "Шарттасуши Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы егемендікті құрметтеу және өзара сыйластық негізінде құқықтық қарым-қатынастар саласындағы ынтымақтастықты дамыту, азаматтық және қылмыстық істер жөнінде бір-біріне құқықтық көмек көрсету мақсатында мыналарға уағдаласты:

I тaraу. Жалпы ережелер

1-бап Құқықтық қорғау

1. Бір Шарттасуши Тараптың азаматтары екінші Шарттасуши Тараптың аумағында өзінің жеке және мұліктік құқықтарының екінші Шарттасуши Тараптың азаматтары сияқты құқықтық қорғалуын пайдаланады. Олар соттарға, әділет, прокуратура органдары мен азаматтық және қылмыстық істер құзыретіне жататын өзге де мекемелерге өтініш жасауға құқықты және екінші Шарттасуши Тараптың азаматтары пайдаланатын ережелер негізінде өтініш бойынша іс қозғап, басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыра алады.

2. 1-тармақтағы ережелер өзінің ұлттық зандарына сәйкес әрбір Шарттасуши Тараптың аумағында құрылған занды ұйымдарға да және оларға теңестірілген құрылымдарға қолданылады.

3. Осы Шартта қолданылатын "азаматтық істер" термині неке-отбасы, еңбек, мұрагерлік, шаруашылық істерін қамтиды.

2-бап Құқықтық жәрдем

Шарттасуши Тараптардың осы Шарттағы 1-баптың 1-тармағында аталған органдары мен мекемелері азаматтық және қылмыстық істер жөнінде өз елінің зандарымен белгіленетін құзыретіне сәйкес өзара құқықтық жәрдем көрсетеді.

3-бап Құқықтық жәрдем көлемі

Шарттасуши Тараптар өз зандарының талаптарын сақтай отырып, бір-біріне:

- іс жүргізу әрекеттерін орындау;
- құжаттарды жіберу мен тапсыру;
- заттай айғақтар беру;
- іс материалдарын жіберу;
- сот шешімдерін мойындау және орындау;
- талаптарды қамтамасыз ету;
- сұраушы тарапқа сottылық туралы мәліметтер беру;
- адамдарды іздестіру;
- шұғыл-іздестіру шараларын жүргізу;
- оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру;
- қылмыстық қудалауды жүзеге асыру жолымен құқықтық көмек көрсетеді.

4-бап Құқықтық көмек көрсету кезінде қатынастар жасау тәртібі

Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініш жасаған кезде Уағдаласуши Тараптардың соттары және басқа да органдары мен мекемелері, егер осы Шартта өзгеше белгіленбеген болса, өздерінің құзыретті мекемелері арқылы бір-бірімен өзара қатынас жасайды.

Уағдаласуши Тараптар тағайындалған құзыретті мекемелер, олардың функциялары мен байланыс деректері туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

Ескерту. 4-бап жана редакцияда - КР 12.05.2023 № 3-VIII Заңымен.

5-бап Тіл

1. Шарттасуши Тараптардың мекемелері осы Шартта қозғалып отырған барлық мәселелер бойынша өзара байланыс жасаған кезде Тараптардың мемлекеттік тілдерін қолданады.

2. Қызмет тілі ретінде орыс тілі пайдаланылады.

6-бап Құжаттарды ресімдеу

1. Шарттасуши Тараптардың құзыретті органдары құқықтық жәрдем көрсету ретінде жіберетін, мемлекеттік тілде жазылған құжаттары орыс тіліне аударылуға, құзыретті адамның қолы қойылып, мөрмен куәландырылуға тиіс.

2. Тараптар өзара келісім бойынша құқықтық көмек көрсету үшін өтініш жасаған кезде пайдаланылатын құжаттар дайындаудың үлгілерін белгілеуі мүмкін.

7-бап Құқықтық жәрдем көрсету туралы өтініштің (тапсырманың) түрі

Құқықтық жәрдем көрсету туралы өтініш (тапсырма) жазбаша түрде жасалып, тапсырманың мазмұны ескерілген мынадай реквизиттер болуға тиіс:

- а) сұраушы мекеменің атауы;
- ә) сұрау салынып отырған мекеменің атауы;
- б) құқықтық жәрдем сұралып отырған істің атауы және өтініштің (тапсырманың) мазмұны;
- в) іске қатысы бар адамдардың аты-жөні, олардың азаматтығы, жынысы, кәсібі, тұрғылықты жері немесе жүрген жері, туған жылы мен жері; занды ұйымның атауы және орналасқан жері;
- г) осы баптың "г" тармағында аталған адамдар өкілдерінің аты-жөні және мекен-жайы;
- д) тапсырылатын құжаттың атауы;
- е) анықталуға тиісті мән-жайдың мазмұны, сондай-ақ талап етілетін құжаттар мен басқа да дәлелдемелердің тізбесі; қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ жасалған қылмыстың нақты мән-жайының сипаттамасы, оның зан жүзінде топталуы, мүмкіндігінше адамның сыртқы сипаттамасы, оның фотосуреті, саусақтарының іздері.

8-бап Тапсырманың орындалуы

1. Егер сұрау салынып отырған Шарттасуши Тараптың ұлттық зандарына сәйкес тапсырманың орындалуы осы Тараптың соттары мен басқа да құзыретті мекемелерінің құзыретіне жатпайтын болса, бас тартудың дәлелі көрсетіліп тапсырма кері қайтарылуы мүмкін.

2. Егер Шарттасуши Тараптың сұрау салынып отырған мекемесі тапсырманы орындауға құқылы болмаған ретте ол аталған тапсырманы сұрау салынып отырған Шарттасуши Тараптың құзыретті мекемелеріне жолдауға, сондай-ақ бұл туралы екінші Шарттасуши Тараптың сұраушы мекемесіне хабарлауға міндетті.

3. Егер Шарттасуши Тараптың сұрау салынып отырған мекемесі тапсырмада көрсетілген мекен-жайдың дәл болмауына байланысты тапсырманы орындауға

мүмкіндігі болмаса, ол мекен-жайды анықтау үшін тиісті шаралар қолдануға немесе Шарттасуши Тараптың сұраушы мекемесіне қосымша мәліметтер беру туралы хабарлауға міндетті.

4. Егер мекен-жайды анықтау немесе басқа себептермен тапсырманы орындау мүмкін болмаса, Шарттасуши Тараптың сұрау салынып отырған мекемесі бұл туралы Шарттасуши Тараптың сұраушы мекемесіне хабарлап, тапсырманың орындалуына кедергі жасайтын себептерді баяндауға, сондай-ақ Шарттасуши Тараптың сұраушы мекемесі жолдаған барлық құжаттарды қайтаруға міндетті.

5. Шарттасуши тараптың сұрау салынып отырған мекемесі оны алған күннен бастап 1 ай ішінде тапсырманы орындаиды.

9-бап Орындау нәтижелері туралы хабарлау

1. Сұрау салынып отырған мекеме осы Шарттың 4-бабында көзделген тәртіп бойынша сұраушы мекемеге мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде тапсырманың орындалу нәтижелері туралы жазбаша түрде хабарлауға, сондай-ақ тапсырманың орындалған уақыты мен орнын көрсетіп, орындалуын растайтын құжаттарды жіберуге міндетті.

2. Құжаттардың тапсырылғаны туралы тапсырманың орындалғанын растайтын құжатта алынған күні көрсетілуге, алушының қолы мен тапсырманы орындаған адамның қолы қойылуға тиіс. Егер алушы алушан бас тартса, алушан бас тартудың себептері де көрсетілуге тиіс.

Тапсырманың орындалғанын растайтын құжат тапсырманы орындаған сұрау салынып отырған мекеменің ресми мөрімен бекітілу керек.

10-бап Құжаттарды дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер арқылы табыс ету

Шарттасуши Тараптардың бірінің екінші Шарттасуши Тарап жанында тіркелген дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері құзыретті органдардың тапсыруы бойынша сот құжаттары мен соттан тыс құжаттарды өз азаматтарына табыс ете алады. Алайда бұл әрекеттер күштеу сипатындағы шаралар болмауға және сол елдің ұлттық зандарына қайшы келмеуге тиіс.

11-бап Құжаттарды табыс етуді растау

Құжаттарды табыс ету құжат табыс етілген адамның қойған қолының растауымен және құжатты табыс етуші сұрау салынып отырған мекеменің ресми мөрімен бекітілген, не осы мекеме берген табыс етудің тәсілі, орны және уақыты көрсетілуі тиіс басқа құжатпен куәландырылады.

12-бап Куәгерді, жәбірленушіні және сарапшыны шетелге шакыру

Егер бір Шарттасуши Тараптың аумағындағы алдын ала тергеу немесе сотта іс қарау барысында екінші Шарттасуши Тараптың аумағындағы күәгердің, жәбірленушінің, сарапшының өзі келуі қажет болса, осы Шарттасуши Тараптың тиісті мекемесіне хабарласып, шақырту қағазын табыс етуді тапсыру керек.

13-бап Куәгерлерге, жәбірленушілер мен сарапшыларға қатысты кепілдіктер

1. Сұрап отырған Шарттасуши Тарап сотының немесе басқа да құзыретті мекемелерінің сұрау салынып отырған Шарттасуши Тарап арқылы берілген шақыруы бойынша келген күәгерді, жәбірленушіні немесе сарапшыны, оның азаматтығына қарамастан, сұраушы мемлекетте әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартуға, не оның мемлекеттік шекарадан өткенге дейін жасаған құқық бұзушылығы үшін кез келген түрде бас бостандығынан айыруға болмайды.

2. Куәгерді, жәбірленуші немесе сарапшы ретінде сұрап отырған Шарттасуши Тарап мекемесіне құқықтық жәрдем туралы өтініш негізінде шақыртылған адам, егер бас тарту құқығы немесе міндепті сұрап отырған Шарттасуши Тарап заңымен көзделсе, жауап беруден немесе басқа қызметті орындаудан бас тартуға құқылды. Сұрап отырған Шарттасуши Тарап мекемелері қажет жағдайда өтінішке жоғарыда аталған құқықтар мен міндептерге қатысты занылыштық туралы анықтаманы тіркеуге міндепті.

3. Егер күәгер, жәбірленуші немесе сарапшы өзінің ендігі жерде қатысуының қажет еместігі туралы сұраушы Тараптан хабар алғаннан кейін оның аумағынан 15 күн өткенше кетпесе, ол осы баптың 1-тармағында берілетін кепілдіктен айырылады, бұған сұраушы Шарттасуши Тараптың аумағынан өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша мерзімінде кете алмайтын реттер қосылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағында аталған шақырту осы Шарттың 4-бабында көзделген тәртіппен беріледі. Шақыруда күштеу шараларын қолданбауға, қоқан-лоққы жасалмауға тиіс.

14-бап Құқықтық жәрдем көрсетуге байланысты шығындар

1. Шарттасуши Тараптар құқықтық көмекті тегін көрсетеді.

2. Сұраушы Шарттасуши Тараптың аумағына шақырту бойынша барған күәгердің, жәбірленушінің немесе сарапшының жолына, тамағы мен тұруына жұмсалған шығындарды сұраушы Шарттасуши Тарап өтейді, сонымен бірге сарап жүргізгені үшін сарапшы сыйақы алуға құқылды. Шақыруда аталған адамдардың қандай төлемдер алуға құқылды екені көрсетілуге тиіс. Аталған адамдардың өтініші бойынша сұраушы Шарттасуши Тарап оларға тиісті шығындарды алдын ала төлеуге міндепті.

15-бап Құқықтық жәрдем көрсетуден бас тарту

Егер сұрау салынып отырған Шарттасуши Тарап құқықтық жәрдем көрсету өзінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, құқықтық тәртібіне залал келтіреді немесе оның ұлттық занына қайшы келеді деп санаса, оның құқықтық жәрдем беруден бас тартып, сұраушы Шарттасуши Тарапқа бас тарту себептерін хабарлауы мүмкін.

16-бап Құқықтық жәрдем көрсету кезінде қолданылатын зандар

1. Сұрау салынып отырған мекеме құқықтық жәрдем көрсету кезінде өз мемлекетінің ұлттық зандарын қолданады.

Сұраушы мекеменің өтініші бойынша сұрау салынып отырған мекеме егер олар сұрау салынып отырған Шарттасуши Тарап занына қайшы келмесе, орындаудың тәсілі мен нысандарына қатысты сұраушы Шарттасуши Тараптың іс жүргізу қалыптарын қолданады.

2. Құқықтық жәрдем көрсету кезінде сұрау салынып отырған мекеме сұраушы Тараптың өтініші бойынша, егер олар сұрау салынып отырған Шарттасуши Тараптың ұлттық зандарына қайшы келмесе, екінші Шарттасуши Тараптың іс жүргізу нормаларын да қолдана алады.

17-бап Заң ақпаратының көлемі

Шарттасуши Тараптар өтініш бойынша бір-біріне қолданылып жүрген немесе қолданылған зандар туралы және оларды қолдану практикасы туралы ақпарат береді.

II тарау. Азаматтық істер бойынша құқықтық жәрдем

18-бап Құқықтық жәрдем көлемі

Шарттасуши Тараптар өзара алыс-беріс негізінде өтініш бойынша сот құжаттары мен соттан тыс құжаттарды беріп, талаптарды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады, іске қатысуышылардан, куәгерлер мен сарапшылардан жауап алып, жергілікті жерде сараптама, тексеріс жүргізеді, сот шешімдерін мойындап, орындаиды, соның ішінде алимент өндіріп алу үшін борышқорларды іздестіру жөнінде шаралар қолданады, басқа іс жүргізу әрекеттерін орындаиды.

19-бап Соттар құзыреті

1. Мұралық даулардан басқа азаматтық істер жөніндегі даулар Шарттасуши Тараптардың соттары арқылы жауапкердің түрғылықты жері не тұратын жері бойынша, олардың азаматтығына тәуелсіз қаралады, ал занды тұлғаларға талаптар шағым аумағында занды тұлғаның басқару органы, өкілдігі немесе филиалы орналасқан Шарттасуши Тараптың соттарына беріледі.

2. Шарттасуши Тараптар соттары, егер тараптың ерекше құзыretі жағдайларынан басқа дауды осы соттарға беру туралы жазбаша келісімі болса, істі басқа жағдайларда қарайды.

20-бап Сот шығындарын төлеу

1. Бір Шарттасуши Тараптың азаматтары екінші Шарттасуши Тараптың аумағында сот шығындарын сол Шарттасуши Тараптың азаматтарымен тең жағдайда және бірдей көлемде төлейді.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері Шарттасуши Тараптардың бірінің аумағында құрылған занды ұйымдарға да оның ұлттық зандарына сәйкес қолданылады.

21-бап Сот шығындарын төлеуден толық немесе ішінара босату

1. Бір Шарттасуши Тараптың азаматтары екінші Шарттасуши Тараптың аумағында сот шығындарын төлеуден сол Уағдаласуши Тараптың азаматтарымен тең жағдайда және бірдей көлемде толық немесе ішінара босатылады.

2. Шарттасуши Тараптардың бірінің азаматтары сот шығындарын төлеуден толық немесе ішінара босатуға өтініш жасағанда тұрғылықты жері бойынша немесе жүрген жері бойынша құзыретті мекемелер берген, өзінің жеке басын, отбасылық және мұліктік жағдайын куәландыратын құжаттар тапсыруға тиіс. Егер арыз берушінің Шарттасуши Тараптар аумағында тұрғылықты жері немесе жүрген жері болмаса, ол өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі берген немесе куәландырған аталған құжаттарды табыс ете алады.

3. Сот шығындарын төлеуден толық немесе ішінара босату туралы өтініш бойынша шешім шыгаратын сот құжат берген органға қосымша түсіндірме туралы сауал сала алады.

22-бап Мойындалуга және орындалуга тиісті шешімдер

1. Өзінің сипаты бойынша орындалуды талап етпейтін бір Шарттасуши Тараптың занды қүшіне енген сот шешімдері, сондай-ақ қорғаншылық және қамқорлыққа алу, нотариус және азаматтық хал актілері органдарының шешімдері мойындалады, ал мұліктік сипаттағы істер жөнінде осы Шартпен белгіленген жағдайларда басқа Шарттасуши Тараптың аумағында мойындалады және орындалады.

2. Осы Шарттың мәтінінде қолданылатын "сот шешімдері" деген термин мыналарды білдіреді:

Қазақстан Республикасында - соттың (судьяның) шешімі, ұйғарымы, қаулысы, сот бүйріғы, азаматтық және төрелік істер бойынша келісімі, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша келтірілген нұқсанды өтеу бөлігіндегі үкім;

Қырғызстан Республикасында - соттың (судьяның) шешімі, үйғарымы, қаулысы, сот бұйрығы, азamatтық және арбитраждық істер бойынша келісімі, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша келтірілген нұқсанды өтеу бөлігіндегі үкім.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 12.05.2023 № 3-VIII Заңымен.

23-бап Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухат

1. Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухатты арыз беруші осы шешімді шығарған сотқа береді және сот оны осы Шарттың 4-бабында көзделген тәртіппен екінші Шарттасуыш Тараптың сотына жібереді. Арыз беруші екінші Шарттасуыш Тараптың сотына да тікелей құзаухат жаза алады.

2. Сот шешімін мойындау және орындау туралы құзаухатқа қоса мынадай құжаттар жіберілуге тиіс:

а) сот шешімінің сот қуәландырған көшірмесі, егер көшірmede шешімнің күшіне енгені және орындауға болатыны айқын көрсетілмеген болса, сот шешімінің заңды күшіне енгені туралы сот құжатының бір данасы да қоса тіркелуге тиіс;

б) сұраушы Шарттасуыш Тараптың аумағында шешімнің бір бөлігінің орындалуы туралы сот құжаты;

в) сот бұйрығын тану және орындау туралы өтінішхатпен жүгіну жағдайларын қоспағанда, іске қатыспаған тарапқа заңмен белгіленген тәртіп бойынша сотқа шақырту туралы хабарламаның табыс етілгенін, ал ол қабілетсіз болған жағдайда онда тиісті өкілінің болғанын қуәландыратын құжат;

г) осы бапта аталған құзаухат пен оған қоса тіркелген құжаттардың қуәландырылған аудармасы.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 12.05.2023 № 3-VIII Заңымен.

24-бап Сот шешімін мойындау және орындау тәртібі

1. Сот шешімін мойындау және орындауды құзаухат жазылған Шарттасуыш Тараптың соты осы Шарттасуыш Тараптың ұлттық заңдарымен белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

2. Құзаухат жазылған сот шешімді мәні бойынша талқыламай, қайта оны осы Шарттың талаптарына сәйкес нәрсе ретінде ғана қарастырады.

3. Мойындау және орындау туралы құзаухат түскен шешімге қатысты құзаухат алған сот, қажет жағдайда шешім шығарған соттан қосымша материалдар тапсыруды талап ете алады.

25-бап Мойындаудың және орындаудың заңдық күші

Бір Шарттасуши Тараптың сотының шешімін келесі Шарттасуши Тараптың сотының мойындауы және орындауы сол Шарттасуши Тарап соты шығарған шешім сияқты зандық күш иеленеді.

26-бап Шешімді мойындаудан және орындаудан бас тарту

1. Арбитраждық шешімді қоспағанда, соттың шешімін мойындаудан және орындаудан мынадай жағдайлардың бірінде бас тартуға болады:

1.1 егер шешім шығарылған Шарттасуши Тараптың ұлттық зандылығына сәйкес бұл шешім зандық күшіне енбесе және орындауға жатқызылмаса;

1.2 егер шешімді мойындау және орындау туралы құзаухат жазылған Шарттасуши Тараптың ұлттық зандылығына сәйкес іс сұрау салынып отырған Шарттасуши Тарап сотының түбегейлі құзыретіне кіретін болса;

1.3 егер Шарттасуши Тараптың ұлттық зандылығына сәйкес оның шешім қабылдаған мекемесі іске қатыспаса, сотқа шақырту жөнінде хабар берілмесе немесе оның әрекет қабілеті болмаса, тиісті өкілі келмей қалса;

1.4 егер осы тараптардың арасындағы құқықтық дау-дамай бойынша сұрау салынып отырған Шарттасуши Тараптың соты зандық күшіне енген, немесе қаралу дәрежесіндегі, немесе осы іс бойынша шығарылған үшінші мемлекеттің шешімімен зандық күшіне енген мойындалған шешім қабылдаса.

2. Арбитраж шешімін мойындаудан бас тарту мүмкін, егер:

2.1 шешімді орындауға тиіс Шарттасуши Тараптың заңы бойынша мұндай іс арбитраждық қараудың заты болып табылмаса;

2.2 арбитраждық келісімнің немесе шарттағы арбитраждық қагидаттың жағдайында көзделмеген немесе қамтылмаған дау-дамай жөнінде арбитраждық шешім шығарылса;

2.3 арбитраждық соттың құрамы тараптардың келісіміне, не шарттағы арбитраждық қагидаттарға сәйкес келмесе, немесе арбитраж төрелігі өткен мемлекеттің заңына сәйкес келмесе;

2.4 тараптар арбитрды тағайындау туралы, немесе арбитраждық іс қарастырылады жөнінде тиісті түрде хабардар етілмесе.

III тарау. Қылмыстық істер бойынша құқықтық жәрдем

27-бап Құқықтық жәрдемнің ауқымы

Осы Шарттың ережелеріне сәйкес Шарттасуши Тараптардың бір-біріне көрсететін құқықтық жәрдемі мыналарды қамтиды:

- адамдарды іздестіру және айқындау;
- қылмыстық қуғындауды жүргізу;
- сезіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды, куәгерлерді, жәбірленушілерді, сарашыларды тергеу;

- тексеру, тінту және дәлелдемелер жинауға байланысты басқа да іс жүргізу әрекеттері;
- заттай айғақтарды, құжаттарды, қылмыстық жолмен алынған бағалы заттарды беру;
- қылмыстық іс жөніндегі өндіріске байланысты іс жүргізу құжаттарын тапсыру, сондай-ақ сот процесінің нәтижелері туралы ақпарат беру.

Осы баптың 1-тармағында аталған әрекеттердің барлығы сұрау салынатын Шарттасуши Тараптың қалыптасқан заңдылығына сәйкес жүзеге асырылады.

28-бап Қылмыстық іс бойынша құқықтық жәрдем көрсету кезіндегі байланыс жасаудың тәртібі

Ескерту. 28-бап алып тасталды - ҚР 12.05.2023 № 3-VIII Занымен.

29-бап Қылмыстық қуғындауды қозғау міндеттілігі

1. Эрбір Шарттасуши Тарап келесі Шарттасуши Тараптың өтініші бойынша өзінің заңдылығына сәйкес өзге Шарттасуши Тараптың аумағында қылмыс істеді деп құдіктелген өз азаматтарына қарсы қылмыстық қуғындауды қозгайды.

2. Шарттасуши Тараптың бірінің заңдылығына сәйкес оның құзыретті мекемесіне жәбірленушінің қылмыстық қуғындау туралы тиісті мерзімде берген арызы келесі Шарттасуши жақтың аумағында да күшін сақтайды.

30-бап Қылмыстық іс бойынша құқықтық жәрдем көрсету кезіндегі тергеуге алушылықты анықтау

Шарттасуши Тараптардың аумағында адам (адамдар) бірнеше қылмыс жасаған кезде алдын-ала тергеуді, қылмыстың тым ауыры, не көбі жасалған жердің тергеу органдары аяқтайды.

Шарттасуши Тарап аумағында, оның азаматы болып табылатын және сол аумақта ұсталған адам (адамдар) бір рет болса да қылмыс жасаса, істі аяқтауды осы Шарттасуши Тараптың құзыретті мекемелері жүзеге асырады.

Басқаша жағдайларда тергеуге алушылықты Шарттасуши Тараптың Бас прокурорлары анықтайды.

31-бап Куәгер, не жәбірленуші ретінде іске қатысуы үшін сұрау салынған тарап аумағында қамауда отырған тұлғаны беру

1. Сұрау салынған Шарттасуши тарап аумағында қамауда отырған, сұрау салушы Тараптың Сотына немесе басқа да құзыретті мекемесіне куәгер немесе жәбірленуші ретінде шақырылған тұлға осы тарапқа мынадай шарттарды сақтай отырып уақытша беріледі:

- а) шақыртылған тұлға бұған келіссе;
- б) уақытша берілген тұлға қылмыстық іс бойынша қажетті іс жүргізу әрекеті жүргізілген соң сұрау салынған Шарттасуши Тарапқа берілген күнінен бастап үш ай ішінде қайтарылуға тиіс.

Қажет болған жағдайда, тиісті негіздемелер табыс етілсе, Шарттасуши Тараптардың келісімі бойынша мерзім ұзартылуы мүмкін;

- в) уақытша берілген адам сұрау салушы тараптың аумағында қашып кетпейтіндей жағдайда ұсталуға тиіс.

2. Сұрау салынған Шарттасуши Тарап аумағында тұлғаның қамалу мерзімінің осы уақытша беру салдарынан ұзартылуы мүмкін емес.

32-бап Құжаттарды тапсыру және жекелеген іс жүргізу әрекеттерін орындау

1. Құжаттарды тапсыру және қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер жинауға байланасты жекелеген іс жүргізу әрекеттерін орындау тәртібі осы Шарттың 6-10-баптарымен анықталады.

2. Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды жолдау кезінде қылмыс істеуге итермелеген жағдайлар, оның саралау мен тиісті зандық актілердің ережелері көрсетілуге тиіс.

33-бап Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және материалдық байлықты беру

1. Шарттасуши Тарап өзге Шарттасуши Тараптың талабы негізінде сол Шарттасуши Тарап аумағынан қылмыстық жолмен алынған ақша мен материалдық байлықты оған беруге тиіс, алайда мұндай әрекет Шарттасуши Тараптың немесе үшінші тұлғаның осы қазына-байлыққа құқығына нұқсан келтіруге тиіс емес.

2. Егер жоғарыда көрсетілген ақша мен өзге материалдық байлықтар сұрау салынған Шарттасуши Тарап аумағында басқа да шешілмеген қылмыстық істер бойынша соттың іс қарауын өткізу үшін қажет болған жағдайда, осы Шарттасуши Тарап оларды беруді уақытша тоқтата туруы мүмкін.

34-бап Қылмыстық істер бойынша құқықтық жәрдем көрсетуден бас тарту

Осы Шарттың 15-бабында көзделген негізден басқа жағдайда, сұрау салынып отырған Шарттасуши Тарап, егер тапсырмада көрсетілген әрекет өзінің ұлттық зандылығында қылмыс болып саналмайтын болса, қылмыстық іс бойынша құқықтық жәрдем беруден бас тарта алады.

35-бап Қылмыстық іс бойынша соттың іс қозғауы және талқылауы туралы хабарлама

Шарттасуши Тараптар өзге Шарттасуши Тараптың азаматына қатысты қылмыстық іс қозғау туралы және өзге Шарттасуши Тарап азаматына қатысты өздерінің соттары шығарған үкім жөніндегі мәліметтерді бір-біріне хабарлауға міндеттенеді.

36-бап Бұрынырақ істелген қылмыстар туралы ақпарат

Шарттасуши Тараптар өзге Шарттасуши Тараптың сотымен бұрын сотталған адамға қатысты қылмыстық істі қарау үшін сотталғандығы туралы мәліметтерді өтініш бойынша бір-біріне тегін береді.

37-бап Қылмыстық іс бойынша құқықтық жәрдем көрсету кезінде Шарттасуши Тараптар өкілдерінің қатысуы

Шарттасуши Тараптардың бірінің өкілдері келесі Шарттасуши Тараптың келісімімен сол жақтың қылмыстық ісі бойынша құқықтық жәрдем көрсету туралы құзаухатын орындау кезінде қатыстырылады.

IV тарау. Қосымша ережелер

38-бап Құжаттардың шынайылығы

1. Шарттасуши Тараптардың бірінің соты немесе басқа құзыретті мекемесі жасаған немесе қуәландырган құжаттар осы Шарттасуши Тараптың тиісті құзыретті мекемесінің ресми мөрі басылғанда ғана шынайы болады. Осындай күйде келесі Шарттасуши Тараптың соты немесе басқа құзыретті мекемесі кедергісіз қабылдайды.

2. Шарттасуши Тараптардың бірінің аумағында ресми құжаттар ретінде саналған құжаттар келесі Шарттасуши Тарап аумағында ресми құжаттардың дәлелдік қүшін пайдаланады.

39-бап Азаматтық хал-ахуал туралы және басқа құжаттарды жолдау

Осы Шартты орындау үшін Шарттасуши Жақтардың бірінің құзыретті мекемелері дипломатиялық каналдар арқылы түскен өтінішке орай келесі Шарттасуши Тарапқа азаматтық хал-ахуал актілерін тіркеу туралы куәлікті, еңбек стажы туралы мәліметтерді және келесі Шарттасуши Тарап азаматының жеке келесі Шарттасуши Тарап азаматының жеке құқықтары мен мүліктік мүдделеріне қатысты басқа да құжаттарды жолдайды.

40-бап Дау-дамайларды шешу

Уағдаласуши Тараптар осы Шарттың ережелерін түсіндіру немесе орындау мәселелері бойынша туындаитын дауларды осы Шарттың 4-бабында көрсетілген тиісті

орталық органдар арасындағы консультациялар не дипломатиялық арналар арқылы шешеді.

Ескерту. 40-бап жаңа редакцияда - КР 12.05.2023 № 3-VIII Заңымен.

41-бап Ведомстволық байланыстар орнату

Осы Шартта айтылған Шарттасуши Тараптардың орталық Заң мекемелері осы Шартты негізге ала және дамыта отырып, өздерінің құзыреттерінің шеңберінде ведомстволық келісімдер жасау арқылы тікелей байланыс орната алады.

V тарау. Қорыттынды ережелер

42-бап Шарттың күшіне енуі

Осы Шарт мақұлдауға жатады және мақұлдау грамотасы алmasылған соң күшіне енеді.

43-бап Шартты өзгерту және толықтыру

Шарттасуши Тараптар осы Шарттың мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселелері жөнінде дипломатиялық каналдар арқылы кеңесулер өткізеді. Енгізілген өзгерту мен толықтыру өздерінің ұлттық зандылықтарына сәйкес қажетті зандық шараларды орындаған сэттен бастап күшіне енеді.

44-бап Әрекетін тоқтатуы

Осы Шарт мерзімсіз және Шарттасуши Тараптардың кез-келгені дипломатиялық канал арқылы оның әрекетін тоқтату туралы хабарлама жолданғаннан кейін алты ай өткенде өз әрекетін тоқтатады.

Алматы қаласында, 1996 жылғы 26 тамызда, қазак, қыргыз және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данадан жасалды. Осы Шарттың ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда Шарттасуши Жақтар орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

(Колдары)